

Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының педагогикалық кеңесі қызметін ұйымдастыру туралы қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 392 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1137. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 қазандағы N 506 Бұйрығымен

Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007.10.24. N 506 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Z990389_ заңына сәйкес бұйырамын:

1. "Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының педагогикалық кеңесі қызметін ұйымдастыру қағидасы" бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Бастауыш және орта кәсіптік білім департаменті (Қ.А. Лекер) белгілі ретпен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынсын.

3. Облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері) осы бұйрықты бастауыш және орта кәсіптік білім ұйымдарының оқу орындарына мәлімдеп жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау вице-Министр Ә.С. Ахметовке жүктелсін.

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н

атқарушы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы сәуір айының 25 күнгі N 392 бұйрығымен бекітілген

Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының педагогикалық кеңесі қызметін ұйымдастыру туралы қағида

1. Жалпы ереже

1. Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының (әрі қарай - оқу орны) педагогикалық кеңесі қызметін ұйымдастыру туралы осы қағида Қазақстан

Республикасы "Білім туралы" заңын орындау мақсатында мемлекеттік білім ұйымдарын алқалық басқару үшін әзірленді.

2. Педагогикалық кеңестің басты міндеттері

2. Педагогикалық кеңестің басты міндеттері болып табылатындар:

1) бастауыш және орта кәсіптік білім беру орындарының барлық ұжымының бірігуін жұмыс сапасын арттыру үшін күшейту;

2) нарықтық еңбектің сұранысының есебіне, республика экономикасының даму болжамына сәйкес мамандар дайындаудың сапасын әрдайым жетілдіру;

3) оқушының дербес білім және тәрбие алуына бағдар беруге көшу.

3. Педагогикалық кеңестің құрамы

3. Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының педагогикалық кеңесінің құрамына енетіндер: басшы (төраға), басшының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, пәндік (циклдік) комиссияның бастықтары; дене-тәрбиесі, бастауыш әскери дайындық, оқыту мастерлері; оқытушылар, кітапхана меңгерушісі, оқу-өндірістік шеберханалардың және бөлімшелердің меңгерушілері, сонымен қатар өндірістің, мекеменің, оқушылардың және ата-аналардың өкілдері.

Педагогикалық ұжымнан жіберілген өкіл, оқытушылардың ұсынған кандидатурасы жиналыста жасырын дауыспен сайланады.

Өндірістік мәжілісте қызметкер кеңес мүшесі болып жасырын дауыспен тағайындалады.

Кеңес мүшесіндегі оқушылар оқу топтарының жиналысында жасырын дауыспен сайланады (Кеңес мүшелерінің жалпы санының 25%-і).

Кеңес құрамына колледждің ата-аналар комитеті ұсынған ата-аналар енеді. Ведомстволық ұйымнан ұсынылатын кандидатураны осы кәсіпорынның алқалы ұйымы сайлайды.

Базалық кәсіпорыннан (2-3 адам) кеңес құрамына осы кәсіпорынның басшылығы ұсынған өте тәжірибелі, іскер жетекшілері кіреді.

Оқытушылар, қызметкерлер және басқа да санаттағы өкілдіктердің нормалары мен өкілдігі мерзімдері, нақты шарттарды есепке ала отырып оқу орнының Жарғысымен анықталады.

4. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына арналып бастауыш және орта кәсіптік оқу орнының басшысының бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңестің құрамынан ашық дауыспен хатшы сайланады.

4. Педагогикалық кеңестің құқы

5. Педагогикалық кеңес қарастырады:

1) бастауыш және орта кәсіптік оқу орнының Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын орындауы жолындағы шаралары; ереже, нұсқау, бұйрық

сонымен қатар бастауыш және орта кәсіптік білімді мамандар дайындау туралы жоғарғы ұйымның бұйрығы мен нұсқауын іске асыру;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстар, барлық оқу түрлерінің (күндізгі, сырттай, т.б.) әдістемесін жетілдіру;

3) бөлімшелердің, филиалдардың, қосымша оқу-бөлімшелерінің жұмыстарының жағдайы;

4) оқу орнының оқу-тұрмыстық негізін дамыту жоспары;

5) оқу-тәрбиесі және әдістемелік жұмыстардың жоспары;

6) оқытушылардың, басшылардың, оқу-өндірістік шеберлерінің, оқу-қосалқы құрамының біліктілігін көтеру мәселелері;

7) мамандарды оқуға қабылдау және бітірту, сонымен қатар оқу орнының бітірушілермен байланысы туралы мәселелері;

8) семестрлік, ауысу, мемлекеттік емтихандар және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау жұмыстарын дайындау шаралары;

9) оқушылардың өндірістік практикаларын ұйымдастыру және оны өткізу мәселелері;

10) оқушының тәртіп деңгейі, оның үлгеріміне, ішкі тәртіп, жатақхана ережесін бұзылуына байланысты оқудан шығару, сонымен қатар жеке жағдайларда оқушыны оқу орнына қайтадан қабылдау;

11) оқу-тәрбие үдерісін компьютермен қамтамасыз ету жағдайы;

12) оқушылардың құрамын сақтау;

13) оқушының дербес білім және тәрбие алуына бағдар беруге көшу;

14) нарықтық еңбектің сұранысының есебіне, республика экономикасының даму болжамына сәйкес мамандар дайындаудың сапасын тұрақты жетілдіру.

6. Қажет болған жағдайда педагогикалық кеңесте жеке білім қызметкерлерінің жұмыс істейтін оқу орнындағы атқаратын ісіне біліктілігінің сай екендігі жөніндегі мәселелер қаралады.

Жұмысы талқыланатын оқу орны қызметкерлері педагогикалық кеңестің мәжілісіне қатысуға құқы бар. Бұл жөнінде қызметкерлер мәжілістің болатын күнінен 7 күн бұрын хабарлануға тиіс.

5. Педагогикалық кеңес іс-әрекетінің реті

7. Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленген жоспарға сәйкес жүргізіледі, кеңестің мәжілісінде қарастырылады; бастауыш және орта кәсіптік оқу орнының басшысымен бекітіледі.

8. Педагогикалық кеңес оқу орнының басшысының тағайындаған уақытына сай кем дегенде айына бір рет өткізіледі. Педагогикалық кеңестің мәжілісінде қаралатын сұрақтар жөнінде орындалу мерзімі және орындаушы, орындауға жауапты кісілер көрсетілген шешім шығарылады.

9. Педагогикалық кеңестің шешімі жәй дауыспен қабылданады және оқу

орнының басшысы бекіткеннен кейін күшіне енеді.

10. Педагогикалық кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық мәжілісіне қатысуға міндетті, оның жұмысына белсене атсалысуға тиісті; өзіне берілген тапсырманы уақытында және дәл орындауы керек.

11. Педагогикалық кеңестің мәжілісі хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға кеңестің төрағасы және хатшысы қол қояды. Әрбір хаттамада кеңестің мәжілісінің күні, реті, қатысушылар саны, мәжіліс тақырыбы көрсетіледі. Талқыланатын сұрақ жөніндегі қабылданған шешім, баяндаманың анық және толық жазылуы хаттамада қамтамасыз етіледі. Педагогикалық кеңестің мәжілісінің хаттамасы оқу орнының іс қағаз тізбелерінде тұрақты сақталады және оқу орнын қабылдау, өткізу кездерінде акт бойынша тапсырылады.

12. Педагогикалық кеңестің төрағасы қабылданған шешімнің орындалуын жүйелі түрде тексеруді ұйымдастыруы керек және тексеру қорытындысын педагогикалық кеңестің талқылауына ұсынады.